

Шарбақты ауданы Хмельницкий ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдарының тұрғындары өкілдерінің санын бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 153/48 шешімі. Павлодар облысының Эділет департаментінде 2014 жылғы 08 қазанда № 4075 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2019 жылғы 19 маусымдағы № 196/58 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 19.06.2019 № 196/58 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39–3–бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу" үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қаулысына сәйкес Шарбақты аудандық мәслихаты

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Шарбақты ауданы Хмельницкий ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу Қағидалары бекітілсін.

2. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Шарбақты ауданы Хмельницкий ауылдық округінің ауылдарының тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы тұрғындарының жалпы санынан 1 (бір) % мөлшерде бекітілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Шарбақты аудандық мәслихатының заңнама және әлеуметтік саясат мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

B. Лямцев

T. Абдрахманов

Шарбақты аудандық
мәслихатының 2014

Шарбақты ауданы Хмельницкий ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Шарбақты ауданы Хмельницкий ауылдық округінің ауылдары аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің Қағидалары Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін–өзі басқару туралы" Заңының 39–3–бабына, сондай–ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандығы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қаулысына сәйкес әзірленді және Шарбақты ауданы Хмельницкий ауылдық округінің аумағындағы ауылдары тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің тәртібін белгілейді.

2. Шарбақты ауданы Хмельницкий ауылдық округінің аумағындағы тұрғындардың бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны (бұдан әрі – бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиынды Хмельницкий ауылдық округінің әкімі шақырады.

Шарбақты ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Ауыл аумағында бөлек жиынды өткізу ді Хмельницкий ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында тиісті ауылдардың қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарына тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Шарбақты ауданы Хмельницкий ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Шарбақты ауданы Хмельницкий ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдардың тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Шарбақты аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдардың тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Хмельницкий ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК